




12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Реалити-шоу. Журналиске нақтылық
жарасады





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Реалити-шоу. Журналиске нақтылық жарасады

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар! Құрметті тыңдарман журналистер. Сіздер үшін Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған дәрістерді жалғастырамыз. Оның соңына өзіміздің ойларымызды қосамыз. Американдық телевизия тарланы бұл жолы реалити шоумен қалай жұмыс істеудің қыр-сырына қанықтырады. Ал дәрістің екінші бөлігінде біз әдеттегідей өзіміздің отандық журналистикаға қатысты ойымызды қоса кетеміз. Оның тақырыбы журналистке нақтылық жарасады деп аталады. Сонымен алдымен Роберт Хиллиард ұсынған реалити шоу тақырыбын талдайық.

Өткен ғасырдың 1990 жылдарынан американдық телевизияда жаңа формат пайда болды. Ол реалити шоу аталады. Бұл жоғары стильді қойылымдары мен нақты кейіпкерлері бар драмалық тартысқа толы бағдарлама болып шықты. Мұны жарыс деп теңеуге болады. Жеңілгендер шығып қалады, жеңемін дегендер аяғына дейін тартысады. Кейіпкерлер не үшін жарысады дегенге толып жатқан тақырып табылды. Біреулер қалыңдық үшін енді біреулер күйеу жігіт үшін тартысқа түсті. Сот істерін қайта қарау оларды заң орындарымен тартысқа түсірді. Қатерге толы құтқару әрекеттерін істеу жолында жарысқандар болды.

Көрермендер көңілін көтеру жолындағы бұл реалити шоу біртіндеп он-лайн көрсетіле бастады. Содан тұтас реалити телевидение пайда болды. Оның көрсетілім сюжеттері адамдар тобының немесе бірнеше топтағы адамдардың түрлі ортада қалай өмір сүре алуына арналды.

Роберт Хиллиардтың пайымдауынша, бұл бағдарлама өзіне дейінгі көптеген телевизиялық жанрлардың басын қосты. Бастапқыда реалити шоу мына қасиеттерімен айқындалған еді. Онда біріншіден ешқандай сценарий болмайды. Екіншіден барлық көріністер ешқандай дубль, яғни қайталаусыз түсіріледі. Үшіншіден оған актерлер емес жай адамдар тартылады. Төртіншіден түсіру ортасы кәдімгі өмірдегіге барынша жақындатылады. Кейде өмір сүруге жанталастыру үшін қатысушыларды қиын жерлерге апаруы мүмкін.

Реалити шоу ұйымдастыру мен көрсетуде басқалардың алдында жүрген ЭМТИВИ арнасының халықаралық желілерді дамыту директоры Мойра Майэр мұны дайындау мен өткізудегі бірнеше ерекшелікті сипаттап береді. Нақты өмірге орай болғандықтан бағдарламаның егжей-тежейлі мәтіні жазылмайды. Басты салмақ түсіру алаңындағы режиссерлерге түседі. Редакторлар да сонда жүреді. Олар тек түсірілген материал бойынша жұмыс істейді.

Бұдан кейін Роберт Хиллиард мырза «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында бірнеше реалити шоуларды сипаттайды. Әсіресе «назар аударыңыздар! Іздеу саламыз» атты реалити бағдарлама қалай түсірілгенін бағалайды.

Осы бағдарламаның жетекші продюсері Филип Лерманнің пікірін келтіреді. Ол шоу дегеніміз нақты өмір әрі шоу дегеніміз телевидение деп тұжырыпты.

Сол сияқты жұлдыздармен билеу атты реалити шоуға жан-жақты баға берілген. Мұнда да дәстүрлі сценарий болмаған көрінеді. Бар болғаны бүкіл маусымға арналған 20 беттік мазмұндама жазылған. Сондықтан бағдарламада не болып, қалай аяқталарын ешкім білмеген. Басты жүкті түсілірім үстіндегі режиссерлер мен редакторлар арқалап шығыпты.

Қатысушылар арасындағы әртүрлі жағдайда объективті баға беру қиынға соғатын кездер болады. Әрі режиссерлер мен редакторлар олардан барынша күшті әрекеттер мен сөздер, кимылдар мен сезімдер шығаруға тырысады. Бар драма сонда жатыр.

Иә, осындай жанжал туғызу бағдарламаның мақсаты болып саналады деп ой түйеді Роберт Хиллиард мырза. Және осындай интрига соңғы бағдарлама біткенше сақталуы міндет дейді.

Осымен американдық маманның кеңестерін аяқтап, енді өзіміздің қазақ тілді журналистикаға қатысты ойларымызды ортаға саламыз. Ол журналистикадағы нақтылыққа арналады. Біздің әріптестеріміз, әсіресе жастар көп ретте нақты атаулар мен адамдардан қателесіп жатады. Ал ақпарат құралында жұмыс істеудің бірінші талабы мұндай қате жібермеу. Қатені қалай жібермеу керек. біздің кеңесімізге құлақ түріңіздер.

II.

Қарға баласын үйреткенде «екі шоқып бір қара» деген дейді көне аңыздар. Сол сияқты журналист де жазған кезінде өте сақ, абай болуы керек. Өйткені, қазақ «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деп тегін айтпаған. Ол ешбір технология болмаған, тек біреуден біреу ауызша еститін заманның өзіндегі жағдай. Онда да атқа мініп, ауыл аралап шыққандағы көрініс. Қазіргі жердің жасанды серіктері, оны ғарыш кеңістігіне көзді ашып жұмғанша жеткізетін зымырандардың заманы емес. Соның өзінде бір адамның аузынан шыққан жәйтке бүкіл ел қанығып отырған.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Реалити-шоу. Журналиске нақтылық жарасады

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Осы жаңа ауымызға іліккен «зымыран» сөзінің өзі біздің журналистика саласындағы қолданысқа «ракетаның» аудармасы ретінде беріде енді. Оған біздің қатысымыз болды. Күнде дәріс оқитын емес. Сондықтан бұл естелікті де айта кетелік. Бұл оның үстіне ескі сөздерді жаңа мағынада тірілтіп алудың ерекше мысалы іспеттес.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін қазақ баспасөзінің беттері мен теле радио эфирінде ғарышқа қатысты тек ракета сөзі естілетін. Тіпті біз мектепте бастауыш сыныпта оқып жүрген жылдары балаларға арналған мынадай өлең де болған: Ай ұялшақ баладай, Жерге тура қарамай. Бұрып алып бір бетін, Көрсетпейді келбетін. Айдың арғы бетіне Ракета барды да. Көк тұманды ысырып, Суретке келді түсіріп. Ал сексенінші жылдардың ортасында Қарағанды облысында жастар газетінің меншікті тілшімі болып жүргенімізде сол кездегі Теңіз ауданының бір шаруашылығының жайлауы ракета аталады екен. Арнайы барып көрдік. Шамамен үш метрлік металл зымыран тігінен тұр. Әскери мақсаттағы болуы керек. Ол құлаған кезде тиісті мамандар келіп ішіндегі бүкіл тетіктерді алып кеткен деседі. Сыртқы қорабының мықтылығы сондай жергілікті механизаторлар дәнекерлеу аппаратымен бөліп көрмек болған екен, оның маталына тістері батпапты. Содан жергілікті халық бұл жердің оған дейінгі атын ұмытып, Ракета атап кеткен. Егер ол уақытта зымыран деген сөз қолданыста болса, онда жерді ракета емес, зымыран атайтындықтарына дау жоқ. Өйткені Теңіз ауданында тегіс қазақтар тұратын.

Сонымен тоқсаныншы жылдардың ең басында Кеңес Одағының әскери басшылығының мейірі түсіп, бір топ журналисті Байқоңырды аралауына рұқсат етті. Біз сол топта болдық. Бұл сапар атақты ғарышкеріміз Токтар Әубәкіровтің ғарышқа аттанарынна бір жылдай бұрын ұйымдастырылған.

Ғарыш айлағын армансыз араладық. Айтпақшы ол кезде қазақ тілінде де тек космодорм дейтін. Оны ғарыш айлағы деп қазақшалауға біздің де қатысымыз болған. Келе сала солай жазғанбыз. Теңізде жүзетін кемелер аттанып, қайта келіп тоқтайтын гавань сөзі «айлақ» деп аударылса, ғарышқа аттанатын кемелердің мекені неге айлақ болмайды. Анау теңіз айлағы болса, мынау ғарыш айлағы емес пе. Осындай оймен жазғанбыз. Қоғамда еш қарсылық болмай, бірден мақұлданды.

Бір топ тілшінің құрамында Қазақстаннан да бірер жазатын журналистке Байқоңырды аралатты. Қасымызда үнемі әскери адамдар жүреді. Артық аттатпайды. Жөнсіз сұрақ қойғызбайды. Бірақ Байқоңырды көзбен көрудің өзі онда ерекше оқиға емес пе!

Топ ішінде сол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет еткен танымал журналист Шәкізада Құттыаяқов та болды. Сол Шәкізада мына Байқоңырға іргелес ауданда дүниеге келіп, мектеп бітіргенмен ғарыш айлағын көре алмаған. Өйткені бұл жерге сырттан ешкімді жолатпаған. Қазақтың тілімен айтқанда үстінен шыбын ұшырмаған. Біздер, түрлі республикалардың тілшілері алғаш көріп тұрмыз. Оған дейін мұнда кезекті ғарышкерлер ғарыш кеңістігіне аттанғанда репортаж жазуға орталық газеттердің Губарев, Голованов сияқты атақты тілшілері ғана келетін. Біз олардың жазбасын оқып, таңдайға соны талғажу ететінбіз.

Міне бізге де бірнеше старт алаңдарын, құрастыру-сынау кешендерін көрсеті. Гагарин ұшқан негізгі аттану алаңын көрдік. «Боранды» алып ұшқан «Энергияны» көрсетті. Сол «Борандын» ғарышкерлерсіз өзі оралған кезде қоңған алаңында да болдық, Тура бір дәулердің футбол ойнайтын алаңындай екен.

Осының бәрін көрген соң мақала жазуға отырғанда қайта-қайта ракета деп жаза бермей, кейбір жерлерде зымыран деген сөзді қостық. Осылайша ракетаны орынды айырбастайтын лайықты сөз табылды. Неге зымыран дедік. Бала кезімізде әжемізден «зымыран дейтін бір құс бар, жұмыртқасы темірден» деген сөзді жиі естідік. Бұл жұмбақ екен. Шешуі мылдықтың оғы. Ал жер үстінде, аспан астында қазақ зымыран атаған ешбір құс болмаған. Ол қиялдан туғаны анық. Ендеше бұған дейін ешбір жанды немес жансыз затқа таңылмаған бұл атауды неге пайдаланбасқа. Ракетаны осылай аударған қолайлы сияқты. Осылай ойладық та зымыран деп жаздық. Ешкім өре түрегелмеді. Біртіндеп ғалымдар мен саясатшылар бірінен бірі естіп осы зымыранға көшті. Осылайша «зымыран» жаңа мәнге ие болып, қолданысқа еркін қосылды.

Мына ақпараттың кеңістіктің дамуы зымыранның жылдамдығына тең уақытта журналист әрбір деректің дәлдігін алдымен өзі тексеріп алуы маңызды. Олай болмаған жағдайда сүріну оңай.

Қазір газеттердің таралымы құлдырап кеткенмен, кітапты мемлекет әрі кеткенде үш мың дана тапсырыспен шығарып жатқанмен, телевизияға халық құлақ түреді. Тыңдайды. Әлбетте, интернет сайттар мен әлеуметтік желіні жергілікті халық тіпті телевизиядан артық қарайтын болды. Біз өз дәрістерімізде таза журналистика төңірегінде сөз қозғағандықтан әлеуметтік желіні көп сипаттай қоймаймыз. Өйткені, тілшілерге қарағанда желіде түрлі мамандық иелері отырады. Тіпті жоғары білім ала қоймағандардың өзі аккаунттар ашып, парақшаларында ұдайы пікір білдіріп отыруға құқылы. Оған еш шектеу жоқ. Бірақ, кім не жазатын болса да қатесіз жазуды өз міндеті санауы керек еді. Әлеуметтік желінің қазақ бөлігі бұл



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Реалити-шоу. Журналиске нақтылық жарасады

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

міндетті мойындай қойған жоқ. Сондықтан біз ақылымызды таза журналистерге айтамыз.

Телевизияның ең ұшқыр жанры жаңалықтарда ешқашан деректерден, елдімекен, жер және белгілі кісі аттарынан сүрінуге болмайды. Мұндай қателер бір журналистің білімсіздігін байқатып қоймайды. Тұтас телеарнаның, оның басшылары мен құрылтайшыларының, меншік иелерінің беделіне елеулі көлеңке түсіріп, жақсы аттарына кір келтіреді. Жүргізушінің сөзден кенет жаңылысып қалуын, әкімшінің титрді қате теріп, экранда сол қате қалпында шығып кетуін өзіміз талай рет байқадық. Бұлар енді асығыстық пен жауапсыздық салдарынан болып жататын техникалық қателер санатында.

Телевизияда мұның да қызық мысалы болған. «Хабар» агенттігінің белгілі тілшісі Қызылорда облысына іссапармен жіберілген. Онда өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңы. Дағдарыс қыспағы халықты қатты қысып тұр. Жоқшылық кезі. Оның үстіне Қызылорда облысына Арал теңізінің тартылғаны орасон зор экологиялық қасірет әкелген. Бұған әлгі Байқоңырдан зымыран аттанған сайын болатын құмды дауылдарды қосыңыз.

Не керек арнайы тілшіміз үлкен материал әкелді. Ішінде бес бірдей адам сөйлейді. Біз «бес синхрон көп қой, екеуін алып тастайық» деп едік, қолымызға жабысып отырып алды. Амалсыз сол үлкен қалпында эфирден беруге рұқсат еткенбіз. Нәтижесінде не болды? Бір ғана техникалық қате бірнеше үлкен қателерге жалғассын. Себебі мынада. Тілші кадр сыртындағы мәтін кезінде бір адамның бейнесін сәл ұзақ көрсетті. Ол сөйлемейді. Бірақ эфирде ұзақ тұрған соң ол белгісіз адамға «Пәленше түгенше, ауыл әкімі» деген жазу, телевизия тілімен субтитр берілді. Бұл асығыстық жасаған режиссердің ассистентінің қатесі еді. Ары қарай қазақтың сөзімен айтқанда «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін» дегеннің өзі болды. Ауыл әкімінің өзі сөйлегенде оған «пәленше түгенше, жұмыссыз» деген титр кетті. Жұмыссызға «көп балалы ана» деген субтитр берілді. Кезегімен сөйлеген көп балалы анаға «пәленше түгенше, ауыл ақсақалы» деген субтитр жазылды. Төртінші болып ауыл ақсақалы сөйлегенде экранның астында «әскерге шақырылушы» деген жазу тұрды. Бесінші әскерге шақырылушы сөйлегенде оған субтитр жетпей қалғаны түсінікті.

Бұл техникалық қате десек те, көпшілік оны солай қабылдамайды. Ауыл ақсақалының атына «әскерге шақырылушы» деген жазу тұрғанын оқыған кейбіреулер «Қызылорда облысында жастардың денсаулығы жарамағандықтан, шалдарды әскерге шақырып жатыр екен» деп ойлап қалыпты. Өйткені ол кезде «Хабар» беделді арна. Оның айтқаны мен жазғанына көпшілік иманға ұйығандай ұйыйтын еді.

Әрине, экран бетіндегі кез-келген қате – телеарна қызметкерлері үшін ұятты жағдай. Бірақ адам факторы кездесіп жатады. Көрермен көп ретте техникалық қателерге кешіріммен қарайды. Ал, енді редактордың, журналистің, немесе телевизия тілшісінің сауатсыздығынан болатын қателер әлбетте кешірімсіз ғой.

Біздің бір журналисіміз былай деп жазыпты: «Қонаев атамызға да тірі кезінде ескерткіш қойылған. Бірақ оның талабы басқа-тұғын. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ерін алғандарға тірі кезінде-ақ бюст орнатылатын. Димаш ата өз ескерткішін көріп кетті.» Үзіндінің соңы. Сосын жазбасының қасына дәлел ретінде екі фотосурет қойған. Бірі – Димекеннің кеудеге Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызының үшеуін қатар қадаған фотосы, келесісі – ол кісіге Алматы қаласында қойылған бюстің суреті. Онда Алтын Жұлдыздың екеуі бедерленген. Тілші сол суретті көрсетіп жатып та өзінің жазбасына мән бермегені өкінішті.

Енді шындыққа жүгінейік. Кеңес заманында белгілі адамның туған жеріне қола бюстін орнату үшін тілші жазғандай үш мәрте жоғары атақ емес, оны екі рет алу жеткілікті еді. Алғаш СССР Министрлер Кеңесінің 1946 жылғы қаулысымен екі мәрте Кеңес Одағының Батырларының туған жеріне бюст орнату туралы шешім қабылданған. Қостанай қаласында журналистік тәжірибеден өтіп жүргенде екі мәрте Кеңес Одағының Батырлары Леонид Беда мен Иван Павловтың бюстерін көргенбіз. Екеуі де әскери ұшқыш. Әрі екеуі де соғыстан аман қайтып, одан кейінгі түрлі апаттан қаза тапты. Бірі – ұшақ сынағынан, екіншісі – автомобиль апатында кенеттен өмірден өтті. Бірақ кеңес заманында қалай өлгендері жайында жазуға тыйым салынды. Өйткені, Иван Павлов реактивті ұшақты түнгі сынау кезінде опат болды. Бұл – әлбетте, әскери құпия. Беда болса автомобиль апатына ұшырап қайтыс болғанда генерал-лейтенант шеніне жеткен. Генералдың мұндай қазасын құпиялауға тура келген.

Ал осындай атаққа жеткен қазақ әскери ұшқышы Талғат Бигелдиновтың бюсті сол кездегі Фрунзе, қазіргі Бішкек қаласында қойылған. Талғат – Ақмоланың тумасы. Аштық, қиыншылық жылдары әкесінің туысы оны алты жасында Фрунзеге алып кеткен. Сонда алғаш болашақ ұшқыштар клубына барған. Кеңес басшылары оның бюстін Фрунзеге қойғызғанда арғы тарихты қопарудан қорықса керек.

Кейін екі рет Социалистік Еңбек Ері атағын алғандардың да бюстері қойылатын болды. Қос мәрте Батыр мен Ерлерді ардақтаудың соңғы құжаты 1973 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен бекітілген. Қазақстанда екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанғандар алтау: Дінмұхаммед



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Реалити-шоу. Журналиске нақтылық жарасады

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Қонаев, Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Нұрмолда Алдабергенов, Николай Головацкий, Николай Кузнецов. Димекен одан үшінші мәрте Ер атанады. Қазақтан Кеңес Одағы кезінде мұндай жоғары атақты үш мәрте алған жалғыз тұлға осы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді. Димекеннің бюсті өзі туған Алматы қаласына орнатылды. Ол кісіні қызметтен алған соң бұл туралы бірқыдыру сөз болғаны есте. Біздің шамалауымызша мәселе – бюстің қойылуында емес, өте жақсы қойылуында. Тұтас республиканы басқарған, әрі үшінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Димекеннің бюсті еңселі, айналасы саялы болғаны шу шығарарлық іс емес еді. «Құлан құдыққа құлағанда құлағында ойнаған құрбақаларға» не дерсің?!

Сонымен, айтпағымыз не? Аты бізге белгілі, бірнеше жыл қол астымызда істеген тілшінің журналист ретіндегі әлі де шикілігі. Оның «үш мәрте Социалистік Еңбек Ерін алғандарға тірі кезінде-ақ бюст орнатылатын» деген ақпараты нақты емес. Оны дәлелдейміз деп өзіміз де біраз тарихты қопарып тастасак керек.

Екі мәрте Социалистік еңбек Ері шопан Жазылбек Қуанышбаевтың бюсті КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Бірлік селосында орнатылды. Жуырда интернеттегі тарихи суреттер жарияланған сайтта осы Жазекеннің фотосын беріп: «Тәлімгер шопан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев. Қостанай облысы. 1980 жылдар, фотоны түсірген Юрий Куйдин» деп жазыпты. Не деген сұмдық! Біріншіден дұрыс аты-жөні- Жазылбек Қуанышбаев емес пе. Екіншіден – Қостанай облысынан емес, Жамбыл облысынан.

Күрішші Ыбырай Жақаев Шиелі өңірінде бюсті ашылғанда «апыр-ай, мынаны мен өлген соң қойғаны жөн еді» деп қапаланыпты. Осы қазақтың екі еңбеккер ақсақалы өзара дос болған. Бір біріне ара-тұра сәлем беріп қайтып, қонақ болып қайтады екен. Атаққа таласпаған, қайта қатар жеткен. Осы екі құрметті қариялардың сырлас, сыйлас болғаны бүгінгі қазаққа үлгі ретінде айтылуы керек еді. Бірақ қазіргі буынға ақпарат құралдары мұндай тағылымды әңгіменің орнына қай әншінің қанша рет күйеуге шыққанын, қай асабаның қандай көлік сатып алғанын айту қызықтырақ сияқты. Көп ретте рейтинг қуалау осындай орны толмас олқылықтарға ұрындырады. Ақпарат құралының рейтингін кейін көтеруге болар, тіпті сол төменгі рейтинг те түк ете қоймас. Ал жас ұрпақты кейін қайта тәрбиелеп алу мүмкін емес.

Жазылбек Қуанышбаев пен Ыбырай Жақаевтың сыйластығы жөнінде кезінде тек журналист жазушы, белгілі көсемсөзші Әзілхан Нұршайықов мөлдіретіп жазған. Тіпті қос алыптың бірі қайтыс болғанда екіншісінің қалай топырақ салуға, балалары мен туыстарына көңіл айтуға келгені суреттеледі. Бұл да қазақтың өте тағылымды дәстүрі еді. Еңбек ерлерінің тек маңдайдан төр төгіп қоймай, досы, замандасы, сыйласы өмірден өткенде көз жасын да төгетінінің ерекше көрінісі болатын. Бірақ ол мақала жылдардың шаңының астында қалды. Қайталап жариялау, Әзілхан Нұршайықовтай қайталанбас тілшінің тағылымды кітаптарын мол таралыммен қайта басу үкіметтің де, жеке меценаттардың да ойына келер емес.

Тағы бір екі мәрте Социалистік еңбек Ері Николай Кузнецов Қазақ азаматтық авиациясы басқармасын басқарған. Жас кезімізде алдына барып сұхбат алған едік. Өз заманында өте танымал тұлға болды. Қазақстанның бірнеше облысында әуежайдарды салғызды. Оның ішінде Семей мен Орал қаласындағы әуежайлардың құрылысында осы талантты ұйымдастырушының қолтаңбасы қалды. Оралдағы әуежайды ашуда өзі бірінші ұшақтың штурвалында отырды. Ал Орал қаласында оны қазақтан шыққан үлкен басшы, іскер азамат, өз дәуірінің Қонаевтан кейінгі айтулы тұлғасы, Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мұстахим Біләлұлы Ықсанов қарсы алады. Екі дос, қосм қайраткер Оралдағы жаңа әуежайда құшақтасып, қызу амандасып, бір-бірін жаңа үлкен істің абыройлы аяқталғанымен құттықтайды. Бұл алғашқы Алматы – Орал – Москва тікелей жолаушылар ұшағы еді. Оған дейін Орал қаласында үлкен ұшып-қону алаңы мен лайықты әуежай болмағандықтан жолаушылар Алматыдан Шымкентке, одан Қызылорда мен Ақтөбеге қонып жарты тәулік аспан мен жердің арасында әуре-сарсаңға түсетін.

Сөйтіп Кузнецовтың тұсында Қазақстанның барлық облыс орталықтарына әуежай салынды. Алматыдан тікелей ұшақ қатынайтын болды. Осы еңбегі үшін де оған екі рет еңбек Ері атағын берілді. Бұл ұшқыш, қайраткердің бюсті Қарағанды облысы Нұра ауданының өзі туған байырғы Байтуған, кейінгі Новокарповка ауылына қойылған. Енді ол ауылға Байтуған аты қайтарылды ма, ол жайында қолымызда дерек жоқ.

Келесі Екі мәрте Социалистік Еңбек Ерлері Қазақстандағы колхоз құрылысының қайраткерлері еді. Бір ғажабы екеуі де бір облыстан шықты. Бұл сол кездегі Талдықорған облысы болатын. Қазақстан тәуелсіздігіне кейін оңтайландыру барысында ол облыс Алматы облысымен қосылып бір облыс болып кетті.

Біздің көптеген тілшілеріміз осы облыстардың қосылғаны туралы деректен де хабарсыз жүреді. Бұрын Қазақстанның құрамында Торғай, Жезқазған және Семей облыстары болды дегенді білмейтін



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Реалити-шоу. Журналистке нақтылық жарасады

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

жас журналистерді кездестірдік. Өйткені, бұл облыстарды жабу туралы шешім шыққан кезде бұлар әлі ақпараттың не екенін білмейтін жас балалар еді, тіпті дүниеге келмеген де болуы мүмкін. Бірақ бұл себеп оларды ақтай қоймайды. Журналистің басқадан өзгешілігі сонда, ол барлық тарихи оқиғаларға жетік болуы тиісті. Өйткені күндердің күніне сол тарихи оқиға туралы мақала жазуына немесе деректі фильм түсіріп, бағдарлама жасауына тура келеді. Сол кезде қате жібермес үшін алдын ала тарихты бес саусақтай біліп, сайрап тұрғаны жөн. Әрі өзінің туған Қазақстанның тарихынан аяғын шалыс басу – журналистке ұят нәрсе. Өкінішке қарай, әлем мен Қазақстанның тарихын, ондағы ірі тұлғаларды білмеуден туған қателер баспасөз бетінде, телевизия мен радио эфирлерінде жиі кездеседі.

Енді әлгіндегі сөзімізді жалғастырсақ, Жетісу өңірінен шыққан екі мәрте Социалистік Еңбек Ерлері Нұрмолда Алдабергенов пен Николай Головацкийдің бюстілері аудан орталықтары емес, өздері басқарған шаруашылық орталықтарына қойылды. Қазір ол ауылдар Алдабергенов пен Головацкий атында.

Бірі жыл бұрын телеарнадағы тағы тілші сол жақтан стенд-ап жасағанда: «Алдымызда Нұрмахан Алдабергенов ауылы» деп соғып қалды. Атақты Алдабергенов Нұрмолданың атын Нұрмахан деп шатастырды. Бұл күлкілі де ыңғайсыз жағдай. Қазақтың ұғымымен айтқанда әруақтан ұят болды дейтін әрекет еді. Мәселе олардың тарихты білмеуінен туындап отыр. Тарихты оқыған тілші бұлай қателеспейді. Сол тарихты не мектепте, не жоғары оқу орында жүйелі оқытпағанның кесірі енді бұқаралық ақпарат құралдарына тиіп отыр. Журналистика факультетерінің кестесіне Қазақстан тарихынан бірнеше семестр оқытылатын пән қосқанның артығы болмайды, қайта пайдасы тиер еді.

Демек, журналист қауымы әр сөзді жауапты жазуы не айтуы керек. Әсіресе, мынадай тарихи, саяси тақырыпқа қалам тартқанда ойланбай жазу мен сөйлеу жас журналистерді опық жегізеді.

Тура осы батырлар тақырыбында тағы телевизия тілшісінің өзі байқамай қате сөйлеп тұрғанын аңғардық. Ол журналист Ұлы Отан соғыстағы Жеңіс күні 9 мамырда жаңалықтарға сюжет жасады. Әрине еңбектенгені байқалады. Соғыс ардагерін де, тарихшыны да сөйлеткен. Майдан уақытындағы кинохроникадан өзіне керекті жерін таңдаған. Бірақ сол еңбектің бәрін ойланбай сөйлеуі жауып-шайып кетіп тұр. Тілші өз сюжетінде былай дейді: «Екінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жерінен аттанған сарбаздардан 518 адам кеңес Одағының батыры атағын алды. Оның ішінде Әбдіров, минометші Сыпатаев пен Рамазанов; ұшқыштар: Бигелдинов, Павлов, Луганский және Беда 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді». Үзіндінің соңы. Бірінші дерегі: «Екінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жерінен аттанған сарбаздардан 518 адам кеңес Одағының батыры атағын алды» дегені цифр жағынан дұрыс-ау. Бірақ сарбаздардан дегені не? Сарбаз қазіргі ұғым бойынша қатардағы жауынгер. Ал командирлерді беріде сардар деп жүр. Қазақ жеріне аттанғандардың ішінде Кеңес Одағының Батыры атанған командирлерде бар еді ғой. Басқалары қоя тұрып атақты генерал Панфиловтан бастайық. Ол әсте сарбаз емес. Дивизия командирі болды. Генерал-майор деген әскери шені болды. Қаза тапқан соң Кеңес Одағының Батыры атанды. Демек, көпті көріп ысылған сардардың өзі емес пе? Телеарна жаңалықтары тілшісінің жауапсыз жаза салған сөйлемінің ар жағында қандай қате кетіп тұрғанын аңғардыңыздар ма. Осы дәрістің басында «екі шоқып бір қарау» дегенімізге бұл да мысал болады.

Қате мұнымен тынбайды. Екінші сөйлемді бажайлап қайта тыңдайықшы: «Оның ішінде Әбдіров, минометші Сыпатаев пен Рамазанов; ұшқыштар: Бигелдинов, Павлов, Луганский және Беда 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді» дейді біздің тілшіміз. Ал тарих не дейді: Әбдіров те, Сыпатаев та, Рамазанов та екі рет Батыр атанған жоқ қой. Тіпті оларға алғашқы батыр атағы өздері ерлікпен қаза тапқан соң берілді емес пе. Міне, дерекке абай болмаудың, ойланбай жазып, оны ойланбай оқи салудың соңы осындай «әттеген-айларға» ұрындырып жатады.

Бүгін тарихты, ондағы деректерді білмеуден қателескендер туралы айтсақ, келесі дәрісте дәстүрді білмеуден ұятқа қалған туралы сөз етеміз.

Он екінші сабақты пысықтау:

Әрбір тарихи оқиға жайында мақала жазып, сюжет түсіргенде оны жете зерттеу керек.

Журналисті көп ретте мектепте немесе жоғары оқу орнында оқып жүргенде тарихты зерделеп алмағаны опық жегізеді

Ұлы тұлғалардың достығы мен басқа да өнегесі туралы сөз етпей жас ұрпақ назарын жұлдыздар өмірінің өсегіне бұру кейін бүкіл қоғамға келеңсіздік әкеледі.

Әрбір тарихи деректі келтірген соң оны қайтадан пысықтап қарап, тиісті қайнар көздермен салыстырып отыру керек.